



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№20

(800)

5 маусым

2020 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

JAS QAZAQ ЖАЗЫП ЕДІ

59-БАППЕН ЖАЗАЛАНҒАНДАР ҚАШАН АҚТАЛАДЫ?

ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАЛАРЫН БІР ІЗГЕ ТҮСІРУ ҚАЖЕТ. МӘСЕЛЕН, 1993 ЖЫЛҒЫ ЗАҢДА «ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІСКЕ НЕМЕСЕ ҚАРУЛЫ БАҢДАЛАР ҚҰРАМЫНДА РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНА РЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ МАҚСАТТА БАСЫП КІРГЕН, КҮШ КӨРСЕТУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ, ТІМІСКІЛІК, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ, БҮЛДІРУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСҚАН АДАМДАР АҚТАЛУҒА ЖАТПАЙДЫ» ДЕЛІНГЕН. ТАП ОСЫ БАП КҮШІНДЕ ҚАЛМАУЫ ТИІС!

Мемлекет басшысы К.Тоқаевтың 30 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеу жариялап, жазықсыз жапа шеккендерді ақтау үшін арнайы комиссия құруды тапсырғаны — тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам.

Мұның ерекше атап өтуге лайық екі қыры бар. Біріншіден, Қазақстан халқына Жолдауында К.Тоқаев Елбасы саясатының сабақтастығы сақталатынын, әрі халыққа берген уәдесін міндетті түрде орындайтынын айтқан еді. Үндеу арқылы 1993 жылы қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңды кең көлемде орындау қисынды жалғасын табатын болды. Жаппай ұжымдастыру тұсындағы халық көтерілістері мен ашаршылық туралы да осыны айтуға болады. Екіншіден, кеңестік тоталитаризмнің бірнеше миллион адамның өмірін қиған қылмысы ұмытуға да, кешіруге де жатпайды. Адамның қаны су емес. Қазақстанда әділетсіздікпен атылғандар мен тағдыры талқылға түскен, бірақ күні бүгінге дейін ақталмағандар, тіпті көмусіз қалғандар әр жылдары ақталғандардан бірнеше есе көп екеніне толық сенімдімін.

(Жалғасын 3-бетте)

30 МАМЫРДА ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІН ЖАРИЯЛАП, ТАРИХИ ӘДІЛДІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН АЯҚТАП, САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ҮШІН АРНАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ ҚҰРУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН.

Президентіміз көрсеткендей, XX ғасырдың 20-50 жылдары қазақ халқы басынан үлкен нәубетті өткізген. 1920 жылдардың соңына қарай республикадағы саяси жағдай шектен тыс ушығып, зорлық-зомбылыққа жол ашылды. Қазақ зиялыларының арасында өзіндік пікірі бар азаматтардың барлығына «ұлтшыл» ретінде күдікпен қарау орын алды. Мемлекет қызметіне тартылған қазақ қайраткерлеріне сенімсіздік күшейді. Кемшілік, қателікті әшкерелеуде сынды, өзара сынды күшейту мәселесін желеу еткен большевиктік жүйе ұлт зиялыларын бір-біріне айдап салды. Сөйтіп қазақтың алдыңғы қатарлы, бас көтерер азаматтарының сағы сынып, үкіметтік қызметтен аластатылды.

Ұлтымыздың бетке ұстар азаматтарына «контрреволюциялық қылмыс жасады», «отанын сатты», «мемлекеттік құпияны жариялады», «буржуазияшыл-ұлтшыл байлардың идеологиясын жақтады», «Кенес өкіметіне қарсы күрес жүргізді», «қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымына қатысты», «партия мен үкімет шешімін бұрмалады», «Орталық Азиядағы басмашылар қозғалысына жетекшілік етті», «Кенес үкіметін құлатуға әрекет жасады» деген Қылмыстық кодекстің 14 тарауынан тұратын 58-бабы бойынша айып тағылып, көпшілігі «үштік» атанған комиссия шешімімен атылып, лагерьге айдалған.

(Жалғасын 3-бетте)

АШЫҚ Әңгіме

Қаламгерлер арасында елуді еңсеріп қалған азаматтарды алдыңғы буын ағаларымыз жас жазушы санайды. Алайда олардың өзі орта жастан асып қалды. Олар өздерінен кейінгі жиырма мен отыздағы жігіттерді жас қаламгер атайды. Бүгінгі кейіпкеріміз жастар үшін аға буын, ал аға буын үшін жас жазушы саналып жүрген қаламгер. Екеуара әңгімемізде тарихтың ақтаңдақ беті, жастар мен аға буын арасындағы сабақтастық, әлеуметтік мәселе де сөз болды.

Jas qazaq: Думан мырза, сіз тарихи тақырыпқа көбірек қалам тартасыз. Басқа шығармаларыңызды айтпағанның өзінде, «Кенесары — Күнмнжан», «Абылай ханның арманы», «Керей — Жәнібек» тарихи драмаларыңызды ел-жұрт жақсы біледі. Енді Шыңғыс хан мен Жошы туралы тарихи драма жазып жатыр екенсіз. Ой қайдан туды?

Д.Рамазан: Өзің айтқандай, мен ұлы тұлғалардың өмірі мен игі ісі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болсын деген мақсатпен Кенесары, Абылай, Керей мен Жәнібек хандар туралы жаздым. Мақсатыма жеттім бе, жетпедім бе, оны басқалар айта жатар. Сол тарихи драмаларымнан қаншалықты әсер алғанын айтып, алғыс жаудырып жататын көрермен әлі де бар. Қаламгерге осыдан артық қуаныш бар ма?! Шыңғыс хан мен Жошыны қолға алғандағы мақсатым да сол. Қалай десеніз де, Шыңғыс ханды қазақ тарихынан бөле-жара алмайсыз. Ал Жошы алғашқы қазақ мемлекетінің негізін

Думан РАМАЗАН, жазушы-драматург:

МЫЛЖЫҢДАР МЕН ЕЗБЕЛЕР КӨБЕЙДІ

қалады. Соның арқасында бас-басына би болып бытырап жүрген ру-тайпалар бір ұлт болып ұйысып, ұлан-байтақ жерге ие болдық. Мұны ешкім жоққа шығара алмас.

Мен бұл шығармада Шыңғыс ханның, болмаса Жошының өмірін құрғақ баяндамаймын. Көзіқарақты оқырман тарихи еңбектерден онсыз да оқып-біліп алады. Шыңғыс ханның ұлы көсем, жұмыр басты пенде, әке, аға, жар ретіндегі өмірін жан-жақты ашып көрсетуге тырысамын. Қысқаша қайырып айтар болсам, өзімше өнер туындысын тудырамын. Атыс-шабыс, айғай-сүренге де құрмаймын. 1222-1226 жылдардағы тыныш кезенді таңдап алдым, яғни Хорезм жорығынан кейінгі кезең мен Жошының өліміне дейінгі уақыт аралығы.

Өзімше жаңалық болады-ау деп ойлаймын. Өйткені мен жазып жатқан оқиға желісі туралы тарихи еңбектер мен жазбаларда шет жағалап айтылатыны болмаса, әлі әлемде

ешкім жазған жоқ. Ойдан, қиялдан ештеңе құрастырмаймын, тарихи еңбектер мен көне жазбалардағы дерек-дәйектердің негізінде жазамын. Шыңғыс ханды бір жақты даттамаймын да, ақтамаймын да. Тек оқиғаларды рет-ретімен суреттеймін. Қалғанын көрерменнің өзіне қалдырамын.

Jas qazaq: 31 мамырды саяси қуғын-сүргін құрбандары күні деп атап жүрміз. Алайда жыл сайын қасіретті датаны еске алумен, БАҚ беттерінде бірер материал жариялаумен ғана шектелетінбіз. Биыл К.Тоқаев қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құрылатынын мәлімдеді. Сіздіңше, жұмыс осылай жалғаса берсе, сол зұлматтың саяси астарын ақтарып, қоясын қотарып тұрып айтатын, жазалаушылар мен жазаланушыларды бөліп-жарып көрсететін күнге жете аламыз ба?

(Жалғасын 7-беттен оқыңыз)

EVEREST

АЛЫП ҚИЯЛ АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫ

ТУРА 60 ЖЫЛ БҰРЫН МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰХИТТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА БАРДЫ. СОЛ САПАРДАН «АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ» ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ. «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫС» ЖЫЛДАРЫ ТІПТІ КҮШЕЙГЕН КЕҢЕСТІК ЦЕНЗУРАНЫҢ ҚАТАЛ СҮЗГІСІНЕ ҚАРАМАСТАН, КАПИТАЛИЗМ КӨШІН БАСТАП ТҰРҒАН ЕЛДІҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЖЕТІСТІК БАЯНДАЛДЫ. ҚАЛАМГЕР МҰНЫ «ЖЕРДІҢ ТЕРЕҢІН ҚАЗСА, ТҮБІНЕ ДЕЙІН БОЙЛАЙ АЛАТЫН, БЕТІН ЖЫРТСА, НЕЛЕР ДӘМДІ ӨСІМДІКТЕР ШЫҒАРА АЛАТЫН, ДӨРМЕНІ МЕН ПӨРМЕНІ, ЫҚПАЛЫ ҚАТАЛ КӨБЕГЕН МӘДЕНИЕТ» ДЕП СУРЕТТЕЙДІ.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
39,39

DOLLAR
397,56

EURO
445,94

РУБЛЬ
5,82



Америка, 2020 жыл



168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік «Комсомольская правда» басылымына сұхбат берді. Онда көпшілікті толғандыратын саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелер сөз етілді. Мемлекет басшысы кейбір сауалдарға кесімді жауабын берді. Осы сұхбатта айтылған кесек-кесек пікірлердің бір парасын ұсынып отырмыз.

ОДАҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ КІРҮ ОЙДА ЖОҚ

Қазақстан Ресей және Беларусьпен екі жақты форматта, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктер (ЕАЭО, ҰҚҰК, ТМД) шенберінде белсенді ынтымақтастық қарым-қатынаста. Ресей мен Беларусьтің Одақтық мемлекетіне қосылу жоспарда жоқ. Басым бағытымыз — аты аталған ұйымдар шенберінде интеграцияны әрмен қарай дамыту.

Біз үшін ЕАЭО әлеуетін экономикалық одақ ретінде күшейту маңызды. Кооперациялық байланыстарды дамыту, тауар, қызмет көрсету және жұмыс күшінің ортақ нарығын құру, одаққа мүше-мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы ЕАЭО-ғын жаһандық көлемдегі тиімді құрылымға айналдыруға болады. Бұл тұрғыда жұмыс жүйелі түрде жүріп жатыр. 2025 жылға қарай ортақ энергетикалық, қаржы нарықтары құрылады. Цифрлық саладағы байланыстың да болашағы зор.

Кейде ЕАЭО-да ең жоғары деңгейде де өткір пікірталас орын алады. Бірақ оның бәрі одақты анағұрлым жемісті, беделді, тартымды етуге арналған ортақ ұмтылыстан туындайды. Өйткені селкостық — құлдыраудың белгісі.

ТЕРЕЗЕСІ ТЕҢ ҰЛТ

Қазақстанда «аз ұлт» деген ұғым жоқ. Елімізде 3,5 миллионнан астам орыс тұрады. Олар біздің халқымыздың ажырамас бөлігі, барлық құқыққа ие, яғни терезесі тең. Біздің идеологтар мен сарапшыларды диаспора деген сөзді қолданбау жөнінде ескерттім. Орыс жұрты Қазақстанның өркендеп, гүлденуіне зор үлесін қосып келе жатыр. Көптеген орыс есімдері тарихымызға алтын әріптермен жазылды.

Мемлекеттік қызметте орыс ұлтына қатысты кемсітушілік бар деген пікірмен келіспеймін. Славян және өзге де этнос өкілдері үкімет мекемелерінде, парламентте, мәслихатта бар. Орыс халқы шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға сүбелі үлес қосып келеді. Конституция бойынша орыс тілі мемлекеттік органдарда ресми қолданыста.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Қазақ әліпбиін модернизациялау қазақ тілінің коммуникациялық мүмкіндігін

кенейту тілегінен туындады. Сонымен бірге, біз латын әліпбиіне бірте-бірте, жасанды жылдамдатусыз, орталық-азиялық мемлекеттер тәжірибесін есепке алып көшеміз. Өйткені бұл жай ғана кириллицадан латынға өте салу емес. Бұл - жалпы қазақ тілінің орфографиялық реформасы. Қазақ әдебиеті классиктерінің бүкіл бай мұрасы кириллицамен жазылғанын, қазақтардың

екі жақ та мүдделі. Сондықтан «қытай экспансиясы» туралы сөз шындыққа сай келмейді.

ӘСКЕРИ БАЗА САЛЫНБАЙДЫ

Қазақстанда АҚШ-тың әскери базасын салу талқыға да түспейді, күн тәртібінде де тұрған жоқ. Қазақстан мен



КӨП ҚЫРЛЫ САЯСАТ ЖАЛҒАСАДЫ

Құрама Штаттар арасында энергетика, инвестиция, технология сияқты салаларда ынтымақтастық дамып келеді. Біз қарусыздану және ядролық қаруды таратпау мәселелері жөнінде тұрақты байланыстамыз. Алматыда орналасқан бұрынғы обаға қарсы институт базасындағы биологиялық қауіпсіздік саласында бірігіп жұмыс жүргіздік. Әйтсе де, қазір

келісімшарт мерзімінің аяқтауына орай, американдықтар референс-зертханадан кетті. Онда қазір отандық мамандар өз бюджетіміз есебінен жұмыс істеуде.

БАЙҚОҢЫР ЖАҢҒЫРАДЫ

Ғарыш саласында бірлесіп жұмыс істеу және Байқоңыр қаласын дамыту — Қазақстан мен Ресейдің көп қырлы ынтымақтастығының жарқын мысалы. Космодромның тіршілігі мен тиімді өркендеу мәселелерін Үкіметаралық комиссия қарастырады. Байланыс, телевизия, ғылыми зерттеулерде қолданылатын азаматтық бағыттағы ғарыш аппараттарын жасауға басымдық беріледі. Қазақстан, Ресей және БАӘ инвесторлары ғарышқа тұңғыш рет адам ұшырылған осы тарихи алаанның жаңғыруына қаржы салмақшы. Ал «Бәйтерек» жобасының мақсаты — ұлы отынды пайдаланатын «Протонды» экологиялық қауіпсіз аппараттармен алмастыру.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰



АЗҒЫНДЫҚ

Быттыр жұмыс бабымен Жамбыл облысының Талас ауданы жағына барғанбыз. Құм жиегіндегі бір ауылға түстік. Журналистік жұмыспен жүрген соң, бізді ауылдың атқамінерлері күтіп алды. Келген-кеткен жолаушының әңгімесі телефонсыз таралып, уатсапсыз жайылатын аядай ауыл.

— Сіздер келе жатыр деп естіп. Күтіп алуға шықтық, — деп ел ағасы жасына келсе де, бастығының алдында басын шүлгі беретін атқосшысы елпек қағалы. Шаруамызды қысқа қайырып, ешқайда бұрылмай, құм арасындағы бірнеше ғасыр бойы сақталған ескі мұнараға тура тартатын болдық. Екі машинадамыз. Мен әкімнің көлігіне ауысып алғанмын. Екінші көліктің жүргізушісі — әлгі елпек кісі. Әкім: «Бетсіздердің үйінен бұрыламыз» делі біздің көліктің тізгінішіне. Бетсіздердің үйі дегені несі? Көмейіме сұрақ тығылып қалды.

— Жол қысқартыңыз! — дедім, алдыңғы орында отырған әкімге.

— Алыстан келе жатырсыздар. Сіз сұраныз. Біз айтайық, — деп ол да әдептілік танытты.

— Онда айтыңызшы, «бетсіздердің үйі» деген сөзіңіз тамағыма тас жұтқандай кептеліп тұрғаны?

Ол үндемей қалды. Сосын, тамағын жұтынып, бір жақ жамбасымен маған қарай қисайды да, сұқ саусағымен онаша салынған қоржынбас қос үйді нұсқалды.

— Өне, анау үй. Бұл өзі ұзақ әңгіме. Айтайын. Аталас туыс, жастары да шамалас екі жігіт бар еді ауылымызда. Біреуі ауылдың сиырын бағады. Екіншісі — қойшы. Сиыршының әйелі — дәрігер, қойшының келіншегі — мұғалім. Ауыл шетінен, осы онаша жерден үй салды. Өзіміз көмектесіп, шатырын жауып бергенбіз. Быттыр сол екі жігіт дүйім ауылға қарабет болды.

— Қалай?

— Қалай болушы еді? Айтуға ауыз бармайды. Онаша отырған соң, екі отбасы бір-бірімен жақын араласпай ма. Сол жақындықтың соңы әйелдерін ауыстырумен аяқталды.

— Ауыстырғаны қалай? — дедім, әңгіменің төркінін толық түсінбей.

— Тура мағынасында түсініңіз. Сиыршы жігіт мұғалімді алды. Қойшымыз дәрігер келіншекті айналдырып үйіне кіргізіп алды. Әйелдерін ауыстырып алды дегенім сол. Содан бері бүкіл ауыл бұларды бетсіздер дейді, үйлерін бетсіздердің үйі деп атап кетті.

Аузым жұмылып, жол бойы үнсіз отырдым... Біз кейде қаладан гөрі ауылда қазақылық басым, ар-ұят, адамдық құндылық сақталған дейміз. Алайда ауылда да азған, ар-ұяттан безгендер көп екен. Біздің әңгімемен өзегі бірдей оқиға осы аптада Батыс Қазақстан облысында болды. Оралда тұратын Мырзағали деген жігіттің әйелі Гүлнұр айдың-күннің амауында бала-шағасын тастап, Жанғалы ауданына көнілдісімен бірге қашып кетіпті. Қашқанда тұрған не бар? Махаббаттың күші дейтін шығарсыздар. Әй, қайдам? Гүлнұр үйінен шыққан күні күйеуінің уатсабына «Мені Ақжайық ауданына біреулер алып қашып кетті» деп хат жазған. Іле-шала «Ешкім алып қашқан жоқ. Бәрі дұрыс» деп хабарлама жібереді. Қысқасы, өз еркімен төрт баласын тастап, бөтен жігіттің, бір көрген көнілдісінің етегінен ұстаған ғой. Қазір «қашқын» әйел де, «ұры» күйеу де табылыпты. Бірақ мұндай жағдайға байланысты не әкімшілік, не қылмыстық жауапқа тарту заңда қарастырылмағандықтан, полиция оларды үйлеріне жіберген. Біздің адамгершілік қасиеттің азайып, кісілік құндылықтың арзандауы деп отырғанымыз осы.

Мұндай жағдай Түркістан облысында да тіркелді. Сайрам аудандық полицияға «Бұзақылар үйімді тонап, 2 миллион теңгемді алып кетті» деп, бір әйелден қонырау түскен. Содан жергілікті сакшылар жедел іске кіріседі. Іздестіру, тергеп-тексерудің нәтижесінде, күдіктіні алыстан емес, жақыннан табады. Оқиға былай болған ғой. Келіншек жүрегі қалаған бір жігітпен онаша кездесіп, көңіл қосып жүріпті. Әлгі жігіт сүйіктісінің ақшалы әйел екенін білсе керекті. Әйел оны әр жолы құр қол қайтармайтын көрінеді. Тұрақты түрде ақша беріп тұрған. Дәндеген «қонақ» тек жатысн ба, ақша сұрауды жұлете берген. Сөйтіп жүріп әлгі әйел күйеуі екеуі жиган 2 миллион теңгенің басына су құйыпты.

Тығырықтан шығатын жол қайсы? Көнілдестердің тапқан амалы — тонау операциясы. Біреудің ақшасы мен әйеліне құныққан масыл жігіт «сүйіктісін» арканмен байлап-матап, тана көзінен жуан жұдырығымен бір ұрыпты да, үйден шығып кетіпті. Оқиға осымен тәмам!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Марал ЖҰМАГЕЛДІ,
той көйлегі дүкенінің иесі:

«Той көйлектері екі ай текке ілініп тұрса, қарайып кетеді. Көйлекке тағылатын жөй тастардың өзі қараяды. Біздің жаңа киімдеріміздің барлығы киюге жарамсыз. Демек біз жаңа тапсырыстар ала алмаймыз. Қарыздан құтылу үшін тойханалар ашылсын!»

Мақсұт ИСАХОВ,
Шымкент қаласы әкімінің орынбасары:

«Той бизнесі уақытша тұралады» екен деп халықтың денсаулығын қатерге тіге алмаймыз. Тойханаларға әзірге рұқсат жоқ. Арендәлардыңды сөйлесіп берейік. Дәл қай банкте кредиттеріңіз бар? Банктермен тікелей жұмыс жүргізейік. Оларға несие мерзімін ұзартуға хат жіберейік!»

Сөз-Жебе

Нұртөре ЖҮСІП,
Сенат депутаты:




«Бауыржан Момышұлының «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам» деген қанатты сөзі бар. Гүлге су құймаға, солып қалады. Өспейді. Балалар әдебиеті де сол гүл сияқты. Бұл салаға қомақты қаржы құйылмаса, ешкім жөндеп айналыспайды. Кембридж тәсілі бойынша, 1-сыныпқа кірген оқушының сөздік қоры үш мың сөзге жетуі керек. Ата-анасы күні бойы жұмыста, сәби кезінде ертегі тыңдамаған, тақпақ жаттамаған балада сөздік қор қайдан болсын? М.Горькийдің «Балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек» дейтін сөзі бар».



КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ

	ЫСТЫҚ СУ		СУЫҚ СУ	
	2019/04	2020/04	2019/04	2020/04
Алматы	427,19	427,19	50,01	48,00
Нұр-Сұлтан	147,12	154,13	41,59	45,68
Шымкент	177,78	226,33	83,75	88,17
Ақтау	201,75	201,75	223,87	223,87
Петропавл	211,70	211,70	81,82	81,25
Өскемен	233,75	233,75	66,46	66,46



КӨРІЗ ЖҮЙЕСІ	
2019/04	2020/04
25,92	25,89
35,17	39,04
35,13	33,38
60,55	60,55
75,48	74,94
65,91	65,91

JAS QAZAQ жазып еді

(Басы 1-бетте)

АТЫ ШҮЛЫ БАП ӨЗГЕРТІЛУІ ТИІС!

Әрине, қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихын зерделеу бұған дейін де іргелі нәтижелермен көмкерілгенін жоққа шығаруға болмайды. Дейтұрғанмен, түйіні тарқатылмаған мәселелер бар екенін ғалымдар ауық-ауық қаперге салып отырды. Мәселен, осыдан 2-3 жыл бұрын Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында жиын өтті. Jas qazaq газетімен бірлесе өткізілген осы басқосуда кеңестік Қылмыстық кодекстің 59-бабымен атылғандар, сотталғандар, жер аударылғандар әлі күнге дейін ақталмағаны туралы сан түрлі дерек пен

Jaz qazaq №21,
2017 жыл 26 мамыр

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

(Басы 1-бетте)

59-БАППЕН «БАНДИТ», «ҚАРАҚШЫ» АТАНҒАН ДІНДАРЛАР МЕН ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚТАР ӘЛІ АҚТАЛҒАН ЖОҚ

Қазақ зиялылары түрмеде отырған кезінде «Социалды Казакстан», «Қазақ әдебиеті»,

мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ-БМСБ) деректеріне сүйенсек, 1929-1932 жылдар аралығында қазақ даласында ұжымдастыру саясатына қарсы 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс болып, барлығын да қызыл әскер, БМСБ-ның әскері аяусыз басып, оған қатысқандар қатаң түрде жазалаған екен.

Мұрағат құжаттарын қарап отырсақ, шаруалардың үкіметке қарсы көтерілуі бір жерде бейбіт түрде өтсе, бір жерде қарулы қатығысқа ұласқан. Жалпы осы көтерілістерге байланысты ғалымдар арасында түрлі пікір қалыптасқан. Бірі оны «шаруалар толқуы» десе, бір ғалымдар «үкіметке қарсы наразылық», «Кенеске қарсы наразылық», «шаруалар көтерілісі», «көтеріліс», «халық көтерілісі» деп жазып жүр. Қалай аталса да, бұл халықтың үкіметтің жүргізіп отырған қысқан саясатына қарсылық білдірген жанайқайы, наразылығы еді.

Көтеріліс Қазақстанның барлық өңірін қамтыған. Ірі көтерілістерден біз Абыралы, Батпаққара, Созақ, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында болған ереуілдерді айтамыз. Әр облыстарда да саяси науқанға қарсы шығып, қарулы қатығыс болған. Мәселен, 1930 жылы Шығыс Қазақстан облысында Зырян, Өскемен, Самара, Шемонайха, Катонқарағайда

59-БАППЕН ЖАЗАЛАНҒАНДАР ҚАШАН АҚТАЛАДЫ?

дәйектер келтірілді. Сол жолғы әңгіменің жалғасы арнайы ғылыми жобаға ұласып, профессор Светлана Смағұлова 2019 жылы «Ашаршылық қасіреті» монографиясын жариялады. Мұнда XIX ғасыр мен XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі аралықтарында болған түрлі жұт тарихы талданады.

Енді, міне, ақ түйенің қарны жарылды! Президент бастамасы жана таным биігіне көтерілуді талап етеді.

Қуғын-сүргіннің әлемдік деңгейде қабылданған ұғым-түсінігі — репрессия. Ол латынның «herpressio» сөзінен шыққан. Дәлме-дәл аудармасы «жаншу» дегенді білдіреді. Жаншудың не екенін қазақ қоғамы Ресейге бодандықты қабылдағаннан кейін әбден танып білді. Исатай-Махамбет, Кенесары-Наурызбай, 1916 жылғы көтерілістердің тағдыры жаншумен, қырып-жоюмен шешілді. Революцияға дейінгі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ әскерлерінің зорлық-зомбылығы жайлы зерттеулер баршылық десек те, әзірге оларды қуғын-сүргін деп бағалаған саяси қорытынды, пайым-тұжырым дүниеге келген жоқ.

Қуғын-сүргін кеңестік билік тұсында бұрын-соңды болмаған ауқымда, қатыгездікпен және жүйелі түрде жүргізілді. Ол жайлы Батыс тарихнамасында Ленин мен Сталиннің көзі тірісінде-ақ айтыла бастады. Ақиқатты ашуға ұлы жерлесіміз М.Шокай мол олжа салғанын оның осыдан 90 жыл бұрын Парижде жариялаған «Кенестер билеген Түркістан» атты кітабы дәлелдеп тұр.

Президент үндеуі тарихшы ғалымдардың көңілінен шықты. Қазақ осындайда: «Көкпен іздегенім жерден табылды» деген шығар-ау! Ғасырлар қарызын қайтару үшін бірінші кезекте атқарылар шаралар, менің ойымша, мыналар:

1. Қуғын-сүргінге қатысты Қазақстан заңнамаларын бір ізге түсіру қажет. Мәселен, 1993 жылғы Заңда «Қарулы көтеріліске немесе қарулы бандалар құрамында республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кірген, күш көрсету әрекеттеріне, тіміскілік, зорлық-зомбылық, бүлдіру әрекеттеріне қатысқан адамдар ақталуға жатпайды» делінген. Тап осы бап күшінде қалмауы тиіс!

2. Қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихын ашағын архив құжаттарын жабық қорда ұстағанды тоқтатып, кең көлемде жариялауды, естеліктер жинауды, яғни толыққанды дерек базасын қалыптастыруды жүзеге асыруды ұсынамын.

3. Қазақстан Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1991 жылы құрылған комиссиясы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу» және «Қулақтар мен байларды тап ретінде жою туралы» қаулылары, сондай-ақ 1931-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен аштық туралы қорытындысын 1993 жылы жариялаған еді. Тұтастай алғанда, сол құжат қағаз жүзінде қалды. Мәселеге жанаша келіп, Парламент деңгейінде кешенді заң қабылданғаны дұрыс.

4. Қазақстандағы қуғын-сүргін мен ашаршылық адамзатқа қарсы жасалған қылмыс және жаһандық гуманитарлық апат ретінде беделді халықаралық ұйымдар тарапынан өз бағасын алуы керек.

Ғылымның құдіреті ақиқатты айта алатындығында.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
«Әділет» тарихи-ағарту
қоғамының төрағасы, ҰҒА академигі

«Лениншіл жас» сияқты газеттерде кеңес ісіне жат, «халық жауы» екендіктерін дәлелдей жазған «домалақ арыз» тоқтаусыз жарияланды. Осылайша, біріне-бірін айдап салу тәсілімен қаралап жазған материалдар баспасөздің негізгі тақырыбына айналды. Нәтижесінде қазақ зиялылары арасында өз басын аман алып қалу үшін бірін-бірі қаралағандардың қатары көбейді.



XX ғасырдың 30-жылдары қуғын-сүргінге тек ұлт зиялылары, үкімет қайраткерлері ғана емес, ауылдағы қарапайым шаруалар, жұмысшылар, малшылар, имамдар мен дін қайраткерлері де іліккен.

1928-1930 жылдар аралығында жүргізілген ұжымдастыру, тәркілеу науқаны қарапайым халыққа үлкен соққы болып тиді. Қазақ АКСР Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу» туралы қаулысы негізінде қазақ жерінде 700-дей ірі бай шаруашылықтары тәркілеуге алынды және олар туған жерінен өзге облыстарға жер аударылды. Бұл науқанға орта шаруа да ілігіп кетіп, олардың да мал-мүлкі тартып алынды.

Ұжымдастыру саясаты алдын ала даярлықсыз, жергілікті жағдай ескерілместен, көбінесе өкімшілік күштеу әдісімен жеделдеп жүргізілді. Сонымен қатар, Ресейді индустрияландыру кезінде зауыт, фабрика салып жатқан жұмысшыларды етпен және астықпен қамтамасыз ету де шаруалардың мойнына артылды. Астық дайындаудағы алғашқы нұсқау бойынша шаруалар қолындағы бар астығын үкіметке жедел түрде тапсыруға мәжбүр болды. Ет дайындау барысы да қарқынды жүргізіліп, шаруаның қолындағы соңғы малы тартып алынды. Есепсіз салынған салық оларды әбден титықтатып жіберді. Оның үстіне, қазақ ауылында мал бағумен күнделіп, көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүріп отырған шаруаларды күштеп отырықшылыққа көшіру барысында зорлық-зомбылық белен алды.

Үкіметтің бай-қулақтармен күресу жөніндегі 1930 жылғы 1 наурыз бен 19 ақпандағы қаулыны орындау барысында жергілікті белсенділердің асыра сілтеп, қысым жасап, зорлық-зомбылық тәсілін қолдануы ауыл халқының наразылығын тудырып, оның арты қатығысқа, көтеріліске алып келді. Біріккен

шаруалар көтерілген. Бұл көтерілістің барлығының басында ел арасында беделі бар молла, иман, бір сөзбен айтсақ, діндар адамдар басқарған екен. Оларға 59-баптың «шаруалар арасына іріткі салып, Кеңес өкіметін мойындамауға шақырды, қарақшылық ұйымдастырып, үкіметтің малын тартып әкетті» деген және тағы басқа айып тағылды.

Негізінде, Қылмыстық кодекстің 59-бабы бойынша жаппай тәртіпсіздікке қатысқан, оны ұйымдастырушылардың, басшылар мен айдап салушылардың, кісі өлтірген немесе дене жарақатын салып, билікке қарсылық көрсеткендердің мүлкін тәркілей отырып, үш жылдан төмен емес мерзімге бас бостандығынан айырды. Сондай-ақ қарулы көтеріліске қатысушылардың да мүлкі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылатын болды.

Тәртіпсіздікке қарусыз қатысқандарды бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру, бандиттік (қарулы қатығыстарға), қарақшылық шабуыл, тонаушылық қылғандар мен кісі өлтіргендер ату жазасына кесілді. Бандыларға жәрдемдескендер, олардың қылмыс ізін жасырғандардың да мал-мүлкі тәркіленіп, бас бостандығынан айырылды.

Мысалы, Семей облысының Ақсуат, Көкпекті аудандарында халық көтеріліп, үкіметтің жүргізіп отырған ұр да жық саясатына қарсы шыққан. Кеңестік құжаттарда бұл көтеріліс «Қаражал бандасы» деген атқа ие болған. Көнеқөз қариялардың айтуынша, 1928 жылдың күзінде Ақсуат өңірінен тәркіленуге Райымжан Ысқақов, Ергали Мұқажанов, Жәкүлө Күшіков, Ғалиаскар Трайысов, Мұқыш Қуанов, Әділ Ақшалов, Заманбек Мүрсәлімов сияқты аса ірі байлар ілігіп, мал-мүлкі хатталып, өздері жер аударылады. Осы кезде Ақсуат, Аягөз, Шұбартау, Шар, Абай, Абыралы, Жарма аудандарында тәркіленуді жүргізу барысына наразылар атқа мініп, қол жинап, қазіргі Тарбағатай ауданына қарасты «Ленин жол» совхозының «Үштөбе» бөлімшесіндегі Өкпелі тауында немесе Қабанбай шатын паналаған.

Үкімет қаулысына қарсы шыққан бұл «Қаражал бандасының» құрамында жергілікті өкімшіліктен жәбір-жапа шеккен ауыл шаруалары мен дін қайраткерлері болған. Кейбір деректерде Алақ немесе Мұрын атанып жүрген бұл көтеріліс ұйымдастырушысының бірі ретінде 1928 жылы тәркіленіп, Сібірге жер аударылған, Семей губерниясы Зайсан уезі Көкпелінің он жылдай болысы болған Жәкүлө Күшіков айтылады. Қызыл әскер көтеріліске қатысқандар «қандыбалал қарақшы» ретінде ұсталғанын аяусыз тепкінің астына алып, қашқандарын аяусыз қырған. Бұл көтеріліс жайында нақты жүргізіліп жатқан зерттеу жоқ.

1929-1931 жылдар аралығындағы Қазақстандағы көтеріліске қатысып, 59-баппен «бандит», «қарақшы» атанған діндарлар мен қарапайым қазақтар әлі ақталған жоқ. Ол үшін Парламент осы бапты ақтау жөнінде арнайы заң қабылдауы керек. Онсыз жазаланып кеткендерді ақтап алу, зерттеу мүмкін емес. Қазақтың тарихы қазақтың өзіне ғана керек. Осындай әлі де «ақтандық» болып қалған тарихты ашуға, халыққа танытуға тиіспіз.

Светлана СМАҒҰЛОВА,


Әл Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторыТүлектер
күні

Жылдар бойы

қалыптасқан дәстүр бойынша, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ түлектер күні мамыр айының соңғы сенбісінде аталып өтті. Биыл бұл іс-шара Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығына орайластырылып, ерекше – онлайн форматта өткізілді.

Осындай формат жоғары оқу орнында алғаш рет көрініс тапты. Бұл ауқымды оқиға жетекші университеттің мыңдаған түлектерін қамтыды. Ұйымдастырушылардың күш-жігері мен заманауи технология мүмкіндігінің арқасында, түлектер араға көп жылдар салып қайта қауышып, сүйікті білім ордасын жаңа жетістігімен құттықтап, өз жаналықтарымен бөлісіп, бір-бірінің табысты еңбегіне қуанышын жеткізе алды. Мереке жылы



және достық жағдайда өтіп, қатысушыларға жағымды көңіл-күй сыйлады.

Онлайн кездесуге ҚазҰУ-дың 3 мыңнан астам түлегі қатысты. Олардың арасында танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, дипломаттар, БАҚ басшылары, әртүрлі жылдардың түлектері бар.

Сүйікті университетін мерекемен құттықтағандардың қатарында: Конституциялық Кеңес төрағасы, ҚазҰУ түлектері қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов, Сенат комитетінің төрағасы Мұрат Бактиярұлы, сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Болат Сәрсенбаев, 2019 жылғы Әл Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Айсулу Тұрсынова, жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, сондай-ақ еліміздің басқа да танымал тұлғалары болды.

Қатысушылар ҚазҰУ ректоры Ғалым Мутановтың құттықтауын және жоғары оқу орнының жетістіктері туралы – «ҚазҰУ: болашаққа ұмтылған университет» бейнесюжетін

үлкен қызығушылықпен тамашалады. Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми өз кезегінде «Тәлімгерлік – әркім ие бола алатын мүмкіндіктер» атты жаңа жобаның тұсауын кесті. Бірауыздан қолдауға ие болған бұл жоба түлектердің университетпен байланысын нығайтуға, сондай-ақ студенттер, жас ғалымдар мен оқытушыларға аға ұрпақтың кәсіби шеберлігі мен тәжірибесінен өнеге алуға, заманауи қоғамда өз білімі мен қузыреттілігін пайдалануға көмектесуге бағытталған. Ол үшін кездесу, шеберлік сағаттары, көшбасшылық дәрістер мен тәлімгерлердің тәжірибелік кеңесі, басқа да іс-шара өткізілетін болады.

Университет атына 20-дан астам алыс және жақын шетелдерден: Жапония, Қытай, Канада, Германия, Англия, АҚШ, Түркия, Польша, Израиль, Корея сияқты елдерден түлектердің 500-ден аса бейнежазбалық құттықтауы келіп түсті.

Түлектер күні ҚазҰУ-дың мыңдаған оқытушылардан тұратын ұжымының, студенттері мен түлектерінің бірлігі мен ұйымшылдығын көрсетіп, еңсерілмейтін құндылық, ғылым мен білімнің, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің маңыздылығын айғақтады.

(Өз тілшіміз)



Әуезе

«Ой бля Бүйту керек еді, Ой бля үйту керек еді». Кешіріңіздер, мен боқтайын дегенім жоқ, бұл қазіргі әннің сөзі.

«Қарғайын десем — жалғызым, қарғамайын десем — жалмауызым» дегендей енді қазіргі «хит» әндерге назар аударыңыз... Біріншісі өзіңіз талай тыңдаған, ырду-дырду тойда екі иығың жұлып-жеген жастарға «допинг» болған «Мария-Магдалена» әні... Осы Мария Магдалена — кім? Оның қазаққа қандай қатысы бар? Және бұл ән «Мария — Жагор қызы» емес. Ол Жагор қызы қазақтың «Дудар» — деген жігітіне ғашық болып шығарған әні. Яғни бұл өзіміздің Мария. Ал мына Мария кім? Библиядағы (Новый завет) Мария Иисустың нақ сүйері. «Көңілдесі». Занды әйелі де емес... Библияға қарасаңыз, былай дейді. Мария Иисустың жолын қуушы, оның ізбасары және Иисус қайтқандағы қасында болып, оны крестке тағғанда қатысқан әйел. Ал Асхат Тарғынов деген әнші осы Марияны енді қазақша сөйлетіпті.

«ҚҰРТТЫҢ ҒО ТАҒЫ» ӘНДІ!

«Мария Магдалена охохо
Талайдың арманы едің охохо
Жүректің болған емі охохо
Өзіңсің жаным
Ай ай ай чип чип чип чип чип чип чип».

Иисус жарықтық! Міне, сен шығара алмаған әнді, сен шығара алмаған поэзияны біздің қазақтың жігіттері қандай шығарған. Bravo!

Бұл не чип? Әлде автор мына коронавирустан соңғы «чипизацияны» меңзеп тұр ма?

«Самарканда бір әпкем бар, менен де өткен сорақы» демекші, енді «Найнти Уан», яғни «91» — группасына Зер салайық. Бұл әнді бір емес, бірнеше жігіт шығарыпты. Дәл айтсақ бес жігіт. Сөзін екі жігіт жазған. Бұл әлемде болмаған жаңалық. Бір әнді бес жігіттің шығаруы.

*Аш есікті, келдім ескертпей!
Жандырамын, дереу былай кет деймін!
Енді дайын бол! Енді дайын бол!
Баяу мен уақыттан озымын
Енді дайын бол! Енді дайын бол!
Таптауындарыңды бұзамын
Шекарадан асып миың!*
Бұл не деген ой? Автор кімге ескертпей келіп отыр? Үйіне ме? Бұл кімге арналған сөз. Әйеліне ме? Әлде сүйген ғашығына ма? Айналайын ағайын! Түсіндірші мен бейбаққа. Неге дайындалу керек?
«Ля! Миыңды дайында
Бұл эстрада сабағы
До ре ми фа соль ля си
If you can do it If you can do it DO IT! АН! УАН МАН!
Иә... солай қазіргі әндердің сөзі...
Дәл осындай сорақылық Кәмшат Жолдыбаеваның «Карамель» әнінде де кездеседі.

*Талғамына таңдауын сай келмей кінәлама мені,
Мысырлық миықтарға ерме,
Тарғыл мысығың мияулап келіп,
тырмалайды сені,
Тезірек кел мені терге.
Карамель бар, әлем бара бер, тар әлем,
Жаныңа беремін мен жаңа дем
Енді не боларын маған, параллель.
Мынау қазіргі Қыз Жібек пен Баян Сұлудың, Акжүніс пен Енліктің түнгі ойы ма? Қолына орал белім. Нені мензеп тұрсыз, қарындас? Кәмшат Жолдыбаева кинода да, эстрада да өз орны бар, әдемі, еңбеккер қыздардың бірі. Алайда «Хайп» қуам деп, болмаса ақша табам деп мынандай әндерді айтуы Кәмшатты өзіне де, өзгелерге де, абырой әпермесі хақ.*

«Құрттың ғо тағы» бұл да ән... Туфф.. ары қарай айтуға менің арым да, тілім де келмейді. Тағы сол «Найнти Уан», яғни «91» — группасының әні.

Қазақ халқы неге Мейрамбек Беспаевты жақсы көреді? Себебі Мейрамбек — эстет әнші. Талғампаз дарынды жігіт. Бізге жетпейтіні осы қасиет...

Шығыста тұт ағашы көп өседі. Және оны жейтін «Жібек құрты» дейтін қоныз бар. Сол аты әдемі «Жібек құрты» зәулім биік ағашты шамалы ғана уақытта отап жок қылады екен. Сосын әлгі қоныздар жейтінін жеп, жібегін толтырып тастап, ұшып кеткенде зәулім ағаш селдіреп, сиреп, солып қурап қалады... Айтайын дегенім, Құдай бізді орманның да, ортаның да, өмірдің де, өнердің де жылтыраған қоныз құрттарынан сақтаса деймін.



Талғат ТЕМЕНОВ

Өмірдің өзінен

Айгүл апаймен осыдан бір жыл бұрын кездейсоқ таныстық. Көшеде егде әйел жаныма келіп әңгімеге тартты. Өзінің бір компанияда жұмыс істейтінін, оның жарнамасын жасап, адам тартқаны үшін қомақты ақша табатынын айтты. Белгілі бір соманы компанияға құйып, үстеме алатын көрінеді. «Салған қаржың екі есе көбейіп қайтады» деп мені үгіттей бастады. Компания кеңсесіне барып жан-жақты ақпарат алуға болатынын қайта-қайта айтып, нөмірімді жазып алды.

Біраз уақытқа дейін Айгүл апай компанияға келуімді өтініп қоңырау шалып жүрді. Әңгіме арасында әлгі компанияның атауы «Лидер» екенін, әлемдегі ірі құрылыс компанияларына қаржы құятынын айтты. Салынған ақша еселеніп кері қайтады деп қызықтырды. Шыны керек, содан қайтып әлгі кісімен жолығудың сәті түспеді. Өткен аптада «КТК» телеарнасындағы жаңалықтардан қаржы пирамидасына алданған қалың жұрттың қалалық полиция департаментінің алдына барып, шу шығарғаны туралы сюжетті көзім шалып

берген. Арасында мүгедек баласының ем-домына жинаған ақшасын осы пирамидаға салып жіберген тұрғындар бар. Тақырға отырғандардың саны 5 мыңнан асады. Өз еркімен өткізілген қаражаттың жалпы сомасы — 37 млн доллар. Салымшылардың айтуынша, пирамиданың басында Рүстем Тұрғанов

анықталды, халықаралық іздеу жарияланды. Ұсталған уақытта міндетті түрде абақтыға қамалады. Алданған адамдардан арыз әлі де түсіп жатыр», — деп түсіндірді.

Айгүл апай өзінің алданғанын былтыр компанияның есігі тарс жабылғанда бір-ақ біліпті. «Бұл компанияға мені құрбым



КЕЗЕКТІ ПИРАМИДА: 37 000 000 \$!



МАМАН ПІКІРІ

Жақсылық МЫРЗАХАН,

Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаментінің баспасөз хатшысы:

«Қаржы пирамидасын құрған адамдардың дені адамдардың сеніміне кіру арқылы жұмыс істейді. Ондай ұйымдар да, оларға алданған адамдар да көп. Қаржы пирамидасын ашып, адамдарды алаяқтық жолмен арбайтындар кеп жағдайда «Біз табысымызды қайырымдылыққа жұмсаймыз. Жетім-жесірлерге үй алып береміз» деп жүректі толқытып, жан-дүниесін тез жаулап алады. Халықтың психологиясын өбден зерттеген. Өздерін аса қайырымды, кісі ақысын жемейтін иман жолындағы азаматтар ретінде көрсетеді. Сенбей көріңіз! Нарықтық дәуірде кімнің тез байлығысы көлмесін? «Бізге ақша салсаң, бір аптада екі еселеп аласың» деп арбайды. Бұл алаяқтықтан басқа ештеңе де емес. Кеп жағдайда орта жастағы адамдар осындай алаяқтардың шырғасына түсіп жатады. Содан кейін, ақшаға мұқтаж жаңдар ғана емес, орташа дәулетті адамдар да алаяқтардың құрбаны болады. Олардың ішінде ойланбастан 500 мың теңгесін салатындар бар. Бірақ көбі арыз жазғысы келмейді, жақындарынан ұялады. «Біреу айтып еді, сеніп қалдым. Солай алдандым» деп қарап отырады. Оқырмандарыңызға айтарым, күмәнді қаржы секторына ақша салмаңыздар!»

қалды. Кадрдағы қалың адамның ішінен таныс бейне көзіме оттай басылды. Мән-жайды нақтырақ білгім келіп, бірден хабарластым. Айгүл апайым алаяқтардың құрбаны болғанын, сан соғып қалғанын айтты. Дауысы да бұрынғыдай жарқын емес, жарықшақтанып шығады. Соған қарағанда жылап тұрса керек. «Бастапқыда бәрі жақсы болды. Сәнді офис, барлық сұрағына жауап беретін менеджерлер, касса да жұмыс істеп тұрды. Салған қаржымның үстінен біраз пайда көріп жүрдім. Жиған-тергенімді салып, туыстарымды да осы компанияға ақша салуға үгіттедім. Інімнің үй салуға жинаған ақшасын көбейтіп аламыз деп оны да салдырдым. Енді туыстарымның бетіне қарай алмай жүрмін. Ұяттан өртеніп барамын», — деп іштегі күйігін сыртқа шығарды.

«Лидерді» құрған алаяқтар халықтан 37 миллион доллар жинап алып, тайып тұрыпты. Әу баста жиналған қаржы биткойн мен Әбу Дабидегі жол құрылысына инвестицияланып, сол арқылы мол пайдаға кенелетіндерін айтып жұрттың сеніміне кірген. Бірақ өткен жылдың басында компанияның кеңсесі жабылып, басшысы із суытқан. Содан бері жұрттың мазасы қашқан. «Лидерді» құрған адамға қатысты қылмыстық іс қозғалғанымен, алаяқтың арбауына түскен халық тергеудің ұзаққа созылғанына наразы.

Халықтың сеніміне кіру үшін қаржы пирамидасын құрушылар уәде еткен пайыздық үстемені салымшыларға беріп отырыпты. Мұнан кейін талай табысқа кенелеміз деп ойласа керек: бірі үйін, бірі көлігін сатып, бар ақшасын «Лидердің» кассасына санап

деген біреу тұр. Ол ақшаны түгелдей сыпырып алып, былтыр Әбу Дабиге зытып отырған. Содан бері хабар жоқ. Тек жұртқа қаржысын қайтарып беремін деген бейнехабарламасы сақталыпты.

Осы іс бойынша «КТК» телеарнасына сұхбат берген Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының тергеу жөніндегі орынбасары Рүстем Әбдірахманов: «Тергеу басқармасында қылмыстық іс тергеліп жатыр. Күдікті адам

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Нұрғұл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ, журналист:

«Менің бір құрбым қаржы пирамидасына 2,5 млн теңгесін салып жіберді. Ол 3 жылға жуық уақыт сол компанияның берген уәдесін күтіп жүрді. Банктерге, микроқаржы беретін ұйымдардың барлығына қарыз. Жақын араласатын құрбыларынан да ақша алған. Зейнет жасындағы бір таныс әйел де қаржы пирамидасының құрбаны. Туыстарынан алған қарыз ақшасы - 60 млн теңге! Соңғы рет карантин кезінде 400 мың теңгесін белгісіз біреудің шотына аударыпты. Онда да компания өкілі «Сіздің көзегіңіз келді, өне-міне дегенше қомақты ақша аласыз. Ақша тиелген инкассация көлігі сізге қарай кетті» деп сөндіріп, 200 мың теңге салу керек екенін айтқан. Анадан-мынадан қарызданып-қауғаланып ақша аударған. Қазір ақша да жоқ, ақша тиелген көлік те жоқ, уәде берген адам да ізім-қайым жоғалған. Алданғанын жақында ғана білді. Банктерге де қарыз. Қазір барлық есепшоты бұғатталы. Банк тіпті ипотекаға алған үйін де тартып алды. Басындағы баспанасынан айырылып, пәтер жадап жүр. Осының барлығы мол табысқа жеңіл, оңай жолмен жетемін деген ашкөздіктің кесірі!»

шақырды. Жинаған зейнетақымызды екі еселеп аламыз, ақшамызды көбейтіп отырамыз дегеніне сеніп едім» деп еңірейді.

Зарлап шеккендердің арасында несие алып күйған азаматтар да бар. Алматы тұрғыны Лесбек Омашев: «1,5 мың доллар салдым.



Бастапқыда бәрі дұрыс болатын. Офистегі менеджер, кассир, барлығы керемет жұмыс істеп тұрды. Бұлай алданып қаламыз деп ойламадым», — дейді. Алматылық тағы бір тұрғын Бауыржан Қайырғазы: «Өзім жұмыс істемеймін. Несие алып салған едім. Сол несие күні бүгінге дейін төлеп бітіре алмай жатырмын», — деп өкінеді. Қазір Алматыдағы 100-ге жуық тұрғын ортақ чат ашып, қаржы пирамидасына алданғандарды өз қатарына қосып жатыр. Күткеннен басқа амал да жоқ. Жұрт енді пайданы қойып, адал еңбекпен тапқан өз қаржысын қайтарсақ дейді. Ал шетел асқан алаяқтар әзірге табылар емес.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



MEGAPOLIS

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Ұлы Жібек жолының куәгері, жаңа ғасырда түрленіп, қайта түлеген, шырайлы шаһар Шымкент мегаполис болғалы көп өзгерді. Тарихы терең, халқының пейілі кенен, жатырқап-жатсынбайтын, асқар арманға жетелейтін, ымырт жабылас түрленген, жұлдыздар жымыңдасқанда жадыраған Шымқаланың жаңа белестері әлі алда.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ТОЛАСТАМАЙДЫ

Еліміздегі үшінші мегаполисті көріктендіру және абаттандыру бағытындағы жұмыс қарқынды. Қазіргі таңда Қонаев пен Иляев көшелерінің қиылысы және Қонаев даңғылы мен Түркістан көшесі қиылысындағы гүлзарда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе, Шәмші әлемі аллеясы мен Чернобыль апатынан қаза болғандарға арналған аллея көркейтіліп, Әл Фараби алаңы *(орыс драма театрына кірер есіктің алды)* қайта жанартылмақ. Бұдан бөлек, орталық стадион аумағындағы БТЖ «Тұлпар» стансасының алаңы көріктендірілуде.

Шаһар басшылығы заманауи тұрғыда көріктендіру жұмысы жүргізіліп жатқан нысандардың, демалыс орнының халыққа ыңғайлы әрі көрікті болуына баса мән береді. Сондай-ақ құрылыста сапалы әрі төзімді материалдарды пайдалану қажеттігіне назар аударуда.

Абаттандыру жұмысына бюджеттен 933 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Аталған жұмысты қаладағы «Шымкент Спец Комплекс» ЖШС мен «Шымкент Жасыл кала» ЖШС жүргізуде. Мұнда «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 100-ден астам адам жұмыспен қамтылған. Жалпы көгалдандыру мен абаттандыру жұмысына 300-ге жуық жұмысшы жұмылдырылып отыр.

Үшінші мегаполисте сала мамандары тазалық жұмысын жүйелі жалғастыруда. Аудан әкімдіктері тарапынан көпқабатты тұрғын үйлердің ауласындағы ағашты санитарлық қырку, кіреберіс аландарының манайындағы жасыл желекті ретке келтіру, ағаштың түбін өктеу және шөп ору жұмысы жүргізіліп жатыр.

Ал қаланың біраз көшесінде «ЛТД Тұрмыс» ЖШС қызметкерлері жаппай тазалық жұмысын қолға алған. Бұл ретте арықтың бойы қоқыстан тазартылып, шөп орылды. Атап айтсақ, «Қошқар ата» өзені, «Жаңа шек» каналындағы коқыс техниканың көмегімен сыртқа шығарылып, жағалау реттелді. Бұдан бөлек, Алпамыс батыр, Пресс автомат, Завод көшелері де коқыстан тазартылды.

МӘДЕНИЕТ ҚОҚЫС ТАСТАУДАН БАСТАЛАДЫ

Жеке тұрғын үйлер аумағының таза болуы да ішкі туризмге оң әсер етері сөзсіз. Осы орайда аулаға коқыс тастайтын жана металл жәшік орнатылмақшы. Қатты тұрмыстық қалдықты кәдеге жарату үшін және қоршаған ортаның экологиялық тазалығын арттыру мақсатында биыл 1474 контейнер сатып алынады. Бұл туралы қалалық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Жаманкөз мәлім етті.

Оның айтуынша, қала аумағында коқыс тастайтын 488 коқыс алаңшасы, 2039 коқыс контейнері бар. Бүгінде олардың көбінің тозығы жеткен. Сол себепті, коқыс салатын контейнерді мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жанарту көзделіп отыр.

Жаңа коқыс контейнері басқа контейнерге қарағанда ыңғайлы. Арнайы қақпағы жеңіл қалдықтың ұшып кетуінен, шашылуынан қорғайды және жағымсыз иісі шықпайды.

Қатты тұрмыстық қалдықты игеру, кәдеге жарату және қайта өңдеу бағытындағы жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Ол үшін ең алдымен үй қалдығын сұрыптап, эко-контейнерге жинау қажет. Осы орайда, Green line және бұл салада бірнеше жылдан бері қызмет етіп келе жатқан «ОрионНовТех» компаниялары эко-контейнердің өзіндік нұсқасын ұсынып, коқысты өңдеудің жана жүйесін көрсеткен-ді.

Дегенмен қаладағы коқыс жинау жүйесі, әсіресе, жер үйлердің көше бойына қалдық шығарып тастайтыны көңілде алан туғызады. Сондықтан, коқыс жинаудың жана алгоритмін жасау қажет. Сондай-ақ түрлі контейнер қойып, бизнесті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы қайта өңдеумен айналысуға ынталандыру керек.

ЗООБАҚТА – ЖАҢА ПАВИЛЬОНДАР

Шырайлы қаламыздың қос мақтанышы, ішкі туризмнің берік қамалы саналатын ірі сабағамызда да жөндеу жұмысы жүргізіліп, абаттанып жатқан жайы бар. Алдымен Шымкент зоологиялық бағы туралы айтайық.

Қала әкімінің орынбасары Бауыржан Мамытәлиев: «Шымкент зообағы карантин кезінде келушілер үшін уақытша жабық болды. Бірақ бұл зоологиялық бақ жұмыс істемеді деген сөз емес. Онда жөндеу жұмысы толығымен жүргізілуде. Зообак басшылығы, мердігер мекеме және жобалаушы өкілдермен өткен көшпелі отырыста жұмыстың барысын талқылап отырдық. Зоологиялық парктің 63

павильоны қайта жанартылып жатыр. Олардың әрбірі жан-жануарға барынша жақсы жағдай жақсарту мақсатында жабдықталады», — делі.



Зообакта жөндеу жұмысы бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылуда. Мысалы, 2015 жылы 10 павильон, 2018 жылы 9 павильон жөндеуден өткен. Б.Мамытәлиев «Мердігер мекеме «MabexTrade Ltd» ЖШС-інің жұмысына ескертпе берілді. Оларды бір ай ішінде ретке келтіруді тапсырдым. «Аралас павильон» мен «Азия» павильонын қайта құру қарастырылған. Жоба бойынша жұмыс ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс. Мердігер мекемеден құрылыс мерзімін сақтауды талап еттік. «Оңтүстік және Солтүстік» континенттердің 27 павильонын жөндеу жоспарланды. «Корпорация Береке» ЖШС-мен жобаны жақсартуға бағытталған өзгерісті талқылады» деп атап өтті.



ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ДЕНДРОСАЯБАҚ

Ал жасыл желекке оранған Дендросаябаққа барсаңыз, ол жердегі көз тоймас сұлулыққа, көңіл маркайтарлық өзгеріске риза болып қайтарыңызға шүбәміз жоқ. Қалалықтарды бұрынғы дендросаябақ емес, жаңарған демалыс орны қарсы алады. Алып бақтағы жаналықты «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық-қазыналық кәсіпорнының директоры Бейбіт Мошкаловтан білген едік.

Дендрологиялық саябаққа келгенде сізді алып қақпа қарсы алады. Сол қақпадағы жазу биыл өзгеріп, оңтүстік өңіріне еңбегі сіңген қайраткер, осы дендробак бой көтергенде басы-қасынан




табылған Асанбай Асқаровтың аты айышталып жазылған.

Бейбіт Мырзабайұлы бұл орайда: «Жасыл желек жамылған көрікті мекенге Асанбай Асқаровтың есімін беру туралы айтар болсақ, 2018 жылдың 10 қыркүйегіндегі №151 қаулы бойынша саябақ Шымкент қаласы әкімдігінің коммуналды меншігіне өтті. Содан кейін Қазақстан үкіметінің 2018 жылғы 23 қазандағы №674 қаулысына сәйкес, Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 3 мамырдағы №388 қаулысымен дендросаябаққа А.Асқаровтың есімі берілді. Осыған байланысты құжаттар қайта рәсімделді және басты қақпаның маңдайшасындағы саябақ атауы өзгертілді», — деп түсіндірді.

Дендросаябақтың жаналығы мұнымен бітпейді.

Қақпа маңындағы тағы бір өзгеріс — кіреберіс баспалдағы жанына пандус орнатылған. Бұл да карантин кезіндегі сәті түскен шаруаның бірі болған екен. Наурыз айының басында дендросаябаққа отбасымызбен



барғанда бұл жерде ешқандай өзгеріс жоқ болатын. Енді келушілерді ұзыннан-ұзақ созылған, бірақ тәй-тәй басқан балаға да, арбасын



сүйреткен анаға да, асықпай аяндаған қариялардың жүруіне де өте қолайлы пандус күтіп тұр. Пандус дегенде — кәдімгі жалпақ жол.

Дендросаябақтың директоры: «Өздеріңізге белгілі, қақпаға кіреберістің алдында биік баспалдақ бар. Жанында бұған дейін де пандус бар еді. Алайда ол тіктеу болатын. Ал жаңа пандус 4 бұрылыс жасап, барынша жайлы етіп орнатылды. Үлкен кісілер мен балалы аналар алғыс айтуда», — деп жалғайды сөзін.

Дендросаябақтағы жаналық мұнымен бітпейді. Көлдің жанына «Мен дендросаябақты сүйемін» деп ағылшын тілінде ірі әріптермен жазылған. Былтыр соғылған жүгіру жолы тағы 1164 метрге ұзартылуда. Бұған қоса, велоөуесқойларды қуантатын жаналық — 6,5 шақырым велосипед жолы салынып жатыр. Парктегі жарықтандыру жүйесі де жөнделіп, сахна жанартылған.

Дендросаябақтың жалпы жер көлемі 130 гектарға жуық. Оның ішінде орталық учаскесі 117 га аумақты алса, Қошқар ата учаскесі — 12,33 гектар. Бұл аймақ су қорғау аймағына жатады.

Осынаша алып бақта барлығы 185 маман қызмет етеді. Оның ішінде саябақты күтіп-баптауға 97 маман жұмылдырылса, дендрарийді 27 маман қорғап-күзетеді.

Дендросаябақ директоры Б.Мошкалов: «Мамандарымыз күнделікті бақтағы негізгі жол мен жаяулар жолын, кеңсе мен мүсін орналасқан аймақтарды сыпырып-тазалайды. Жалпы сыпыру аймағы — 10 гектарды, ал тазалау аймағы 36 гектарды құрайды. Жаз маусымында күнделікті таңғы сағат алтыда жолға су себіледі. Ал қыс мезгілінде қар арнайы техникамен тазаланады», — делі.

Дендросаябақта ағаштың 350 түрі өседі. Қазақстанның Қызыл кітабына енген 7 ағаш түрі және сирек кездесетін 61 ағаш түрі бар. Саябақ аумағындағы ағаш, тал-теректің саны 100 мыңнан асады. Қазіргі таңда тұқымбақта 62 түрлі ағаш түрінің 8469 туپ көшеті өсірілуде.

Көктемде Шымкент қаласын көгалдандыру мақсатында мектептер мен балабақшаларға 5000 дана көшет ақысыз берілген. Күзде де табиғи өскіннен 5000 дана көшет беруге мүмкіндік бар көрінеді.

Саябақтың фаунасы да бай. Мұнда қырғауыл, қоян, тиін, кептер, түлкі, қарсақ, тенбіл бұғы, тауыс құсы, бентамка тауығы, жібек тауығы және су тасбақасы мекен етеді. Ал аумағы 3 гектар жасанды көлде қаз-үйрек пен жабайы акку жүзеді. Мұндағы барлық ан-құс азықпен, жем-шөппен қамтамасыз етілген.

«Ұясы бар, күтімі жақсы», — дейді мамандар. Тіпті санын да айтып берді. Мысалы, 2 акку, 18 үйрек, 8 қаз, 85 қырғауыл, 12 тиін, 36 қоян, 6 тауыс құсы жерсіндіріліп, өсірілуде. Былтыр құстардың өсімі 20 пайызға көбейген.

Жай ғана аясында қылырып, серуендеушілер үшін саябақ біртұтас орман алқабы секілді. Ал негізінде бірнеше аймаққа бөлінген.

Берік Мырзатайұлы: «Дендросаябақ флорасына байланысты 5 географиялық аймаққа бөлінген: Шығыс Азия, Орталық Азия-Қазақстан, Солтүстік Америка, Қиыр Шығыс-Сібір және Еуропа Қырым-Кавказ. Ал пайдалану мақсатында 4 функционалдық аймаққа бөлінген. 36,4 гектар экспозициялық аймақ — мұнда сіздер секілді келушілер серуендеп, демалалды. Тағы 30,1 гектар қоғамдық экскурсия аумағы да бар.

Сонымен қатар, 24,3 гектар ғылыми аймақ, 26,2 гектар әкімшілік-шаруашылық аймақ бар. Атаулары айтып тұрғандай, онда ғылыми-зерттеу жұмысы жүзеге асырылады», — деп түсіндірді.

Айта кетейік, «Құрметті қонақтар», «Ардагерлер» аллеялары дендросаябақтың көркін ашып тұр. «Құрметті қонақтар» аллеясында егілген 37 ағаштың ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отырғызған 2 ағаш және 7 елдің президенттері, құрметті қонақтары мен делегациялары екен ағаштар өсіп тұр.

2020 жылдың бастапқы 4 айында, нақты айтқанда, 18 наурызға дейін дендросаябаққа барлығы 53 158 адам серуендеп келді. Кіру ақысы — сәуір айынан бастап 27,78 теңге.

Саябақты көгалдандыруға биыл 10 миллионға жуық қаржы бөлінеді. Бұл қаржыға жасыл желектің қатары толығып, суару жүйесі жаңаланбақ. Сондай-ақ саябаққа жақын күндері сирек кездесетін гүлдер де отырғызылған.

Төтенше жағдай кезінде кіреберістегі негізгі қақпа жаңаланып, баспалдақ қайта салынған. Сонымен қатар демалыс аймағында әжетханалардың саны да артпақ.

Шымкент қаласының туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Олжас Шынтав: «Жаз мезгілінде қала тұрғындарының басым көпшілігі осы саябаққа келіп, таза ауамен тыныстап, аяқ-қолын созып серуендеп қайтады. Сонымен бірге туристер де біздің дендробағамызға асқан қызығушылықпен қарайды. Сол үшін тынығушыларға барынша қолайлы жағдай қарастырылуда», — делі.

Мегаполистің қос мақтанышы, қос алып саябағы қала тұрғындары мен қонақтарын жаңартқан, жайнаған күйінде күтеді.

Мәриян АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Ашық әңгіме

(Басы 1-бетте)

Д.Рамазан: Жалпы мұны қолдаймын. Менінше, ең бастысы архивтегі құпия құжаттарға емін-еркін қол жеткізетіндей жағдай жасалуы керек. Қуғын-сүргін құрбаны болған Орынбек Беков деген қоғам және мәдениет қайраткері туралы зерттегім келіп, мұрағаттардың бәрін сүзіп шықтым. Бар құжаттар Шығыс Қазақстан облыстық мұрағатында сақтаулы тұр екен. Қалай ұсталғаны, кімдердің жауап алғаны, қандай айып таққаны, бәрі-бәрі бар. Бірақ сол құжаттармен танысып шығуға рұқсат етпей қойды. Бармаған жерім жоқ. Бірақ бәрібір рұқсат ала алмадым. «Ол құпия құжаттар болып саналады. Сондықтан рұқсат жоқ!» дейді. Таң қалдым. Ол неге құпия құжат болып саналуы тиіс? Кенес одағы баяғыда келмесе кеткен жоқ па? Жок, ол шындық ашылса, еліміздің шанырағы шайқалуы мүмкін екен! Қызық! Түк түсінсем бұйырмасын. Қазір ол құжаттарды құпия ұстаудың не қажеттілігі бар деп ойлаймын. «Алаш қайраткерлерін тергеп-тексерген, өтірік пәле жапқан, азаптаған адамдардың ұрпақтары әлі де тірі. Соларға зияны тиеді» дейді

Думан РАМАЗАН, жазушы-драматург:

ЖАС ЖАЗУШЫЛАРДА МЫЛЖЫҢДАР МЕН ЕЗБЕЛЕР КӨБЕЙДІ

бір мұрағат қызметкері. Ұрпағына зияны тиетінін сол кезде ойлауы керек еді?! Бұл да өтірік сылтау. Әйтеуір, сол құжаттарды құпия ұстаудың айла-амалдары ғана. Міне, сондықтан ең алдымен сондай құпия құжаттардың бәрін халыққа қолжетімді ету керек. Онсыз бәрі бекер. Құн даулаймыз-ау, бірақ құн ала алатын күнге жете аламыз ба? Әй, қиын-ау! Өз басым бұған еш сенбеймін!

Жас qazaq: Бұл сұрақты қойған себебіміз, тарихтан кара жаяу емессіз. Жалпы, бүгінгі қазақ әдебиетінде халқымыздың осындай ақтаңдақ беттері неге аз? Әлде, жазушылардың қолында сол зұлмат жылдарды жазатындай мұрағат құжаттары жоқ па?

Д.Рамазан: Әрине, тарихи шығарма жазу оңай емес. Көп ізденуді талап етеді. Ең алдымен сол кезеңнің тыныс-тіршілігін жете біліп, жан-тәнімнен сезінуің керек! Сондықтан тарихи шығарма жаз деп ешкімге міндеттей де алмайсыз. Не жазатынын қаламгер өзі біледі. Әркім өз қаламына өзі ғана патша. Әмірмен, бұйрықпен көркем шығарма жаздыра алмайсыз. Оның үстіне, жоғарыда айтып өттім ғой, негізгі қажетті құжаттарға қолымыз жете бермейді. Сол құпия құжаттарды еркін пайдалана алатындай мүмкіндік тудырса, бәлкім, көркем шығармаларға да көбірек жол ашылар ма еді деп ойлаймын.

Жас qazaq: Бүгінгі қазақ әдебиеті дегеннен шығады, сіз үш-төрт айдың алдында әңгіме жазып жүрген кейбір жас жігіттердің тілінің жұтандығын айтып, сөз саптасын сынап әлеуметтік желіде жаздыңыз. Сол қалам ұстаған бауырларыңыздың алды қырыққа таяп қалғандар. Жас дейтін жиырма мен жиырма бестегі жігіттер емес. Сонда бүгінгі жас жазушылардың деңгейі соншалық төмен бе? Олардың жазуында не кемшін, не жетпейді?

Д.Рамазан: Кемшілік кімде жоқ дейсіз. Ең аяғы ұлы Абай мен даңда Әуезовті де әлі сынап келе жатыр. Мінсіз тек Жаратушы ғана. Ал жастардың бәріне бірдей ортақ кемшілік — тілді білмейді, сөйлемді дұрыс құрай алмайды. Көркем тілсіз де көркем шығарма жазуға болады деп ойлайтын болса керек. Тілі жұтанның ойы да жұтан болатынын түсіне алмайды. Айналайындар-ау, әдебиеттің басты құралы — тіл емес пе?! Жазушы боламын деген адам алдымен тілді жақсы білуді керек. Әрине, бұрынғыдай көп сөзділікке ұрынып, бір-екі беттік табиғат суреттерін сипаттаудың түкке де қажеті жоқ. Сөзді орнымен қолданса жетіп жатыр. Бәрін жоққа шығаруға болмайды. Тілді жақсы білетін, орнымен қолданатын жастар да бар. Ой мен тіл тең түсіп жатса, төрт аяғын тең басып тұрған шығарма болады. Ал осының біреуі кемшін соғып жатса, құны кемиді.

Мен жастардың шығармашылығын қадағалап оқып жүремін. Бір байқағаным, таланттар мен дарындар баршылық. Бірақ біреуінің шығармасында ой тамаша болса, тілі нашар болып, кібіртіктей береді. Ал енді біреуінде керісінше. Сондықтан жастарға айтарым, екі тізгінді тең ұстап үйрену керек! Тағы бір ортақ кемшілік,

көпшілігі шұбаланқы жазады, жинақылық жоқ. Мылжындар мен езбелер көбейді. Шығарманы оқып отырғанда жазарман түгілі, өзін де шашылып қаласын! Әрине, жинақы жазуға тырысатындар да бар. Бірақ сирек. Жастардың бойындағы тағы бір жаман қасиет — бір-бірін өтірік



аздық ететінін түсінсе болды, олар әлі өздерін-өздері танытады ғой деп ойлаймын. Ең бастысы, нені жазу керек екенін біледі және қалай жазу керек екенін де түсінетін сияқты. Бұрынғыдай бірізділікті көп байқай бермеймін. Ал қалғаны тәжірибемен келеді ғой. Менің өзім бұрынғы жазғандарымның бәрінен бас тартып, жанаша жазғым келіп тұрады.

тақырыпты біраз шиырлады. Ондағы ойым, халық, жас ұрпақ тарихпен танысса екен, содан тәлім-тәрбие алса екен деген ізгі ниет еді. Халқымын бір әжегіне жарасам екен деп жанталастым. Бұл үшін мені ешкім де кінәлай қоймас. Десе де, енді қарап отырсам, ниетім дұрыс болғанмен, соны іске асыру жолында қатты қателесіппін. Оның қандай қателік екенін қазір айтпаймын, білетіндер білер. Кезінде су мен мал шаруашылығы, көмір, өндіріс тақырыптары туралы да көлемді шығарма жазғандар болды. Қайда қалды солар? Сондықтан әдебиетте тақырып қуып жазуға болмайды. «Қазақ әдебиетінде адамның жан дүниесін қойма қопарғандай ақтаратын шығармалар жазылмай жатыр», «жанашылдық жоқ», «жаңаша жазуға деген талпыныс пен құлшыныс жоқ», «іздену, қазыну кем» деп жар салса, түсінуге болар. «Қала тақырыбы игерілмей жатыр» деп байбалам салудың түкке де керегі жоқ. Қала тақырыбы мүлде жазылмаса да, оның әдебиетке келіп-кетері шамалы.

Жас qazaq: Қазақ әдебиетіндегі аз тақырыптың бірі — жалқаулық пен масылдық сияқты. Өйткені, биылғы келген індетпен бірге жұмыссыздарға төленген 42500 теңге көп шындықтың бетін ашып тастағандай. Сол ақшаны алу үшін кейбір адамдар жұмыстан бас тартқан. Немесе әлгі ақшаны алу үшін адам баласының миы жетпейтін әртүрлі әдіс-айлаға дейін барғандар бар. Масылдық психология қанымызға соншалық сіңіп кеткен бе? (Әдебиетте де

ақшадан тарыққан, нан таба алмай қалған, бала-шағасын асырай алмай қалған, балаларының еміне тиын таба алмай жүргендер көбейіп кетті. Оның кейбірі шынайы мұқтаж болса, кейбірінің «қылғыннан» алам ұялады. Қазақтың мінезі мұндай емес еді, қанша жерден аш отырса да, алақан жаюға арланатын арлан мінезіміз неге ұсақталып кетті?

Д.Рамазан: Өйткені қазір намыс жоқ. Мінез жоқ. Адамдардың көпшілігі заманға күйлеп кетті. Мәселен, ұстаздар, ғалымдар, дәрігерлер, журналистердің айлығы шайлығына да жетпейді ғой! Неге? Қазақстанның байлығы аз ба? Осыларға көбірек еңбекақы беруге болмайтын ба еді? Ал аз-маз айлық алатын адам кедейшілікке ұрынады. Ондай адамда қандай намыс, қандай мінез болсын! Сондықтан оларды кінәлай алмаймын. Жаным ауырады, жүрегім де сыздайды.

Жас qazaq: Карантин басталғалы әншілер табыссыз қалыпты-мыс. Тойда фонограммамен айтқан екі әні үшін 5 мың доллар алатын жердегі «жұлдыздардың» жылағаны сізге соншалық аянышты көрінбей ме? Соларды қазақ қоғамы үлгі тұтып, төбесіне көтеріп, рухани көсем санап жүретіні несі?

Д.Рамазан: Осыны мен де түсінбеймін. Әншілердің басым көпшілігінің білім деңгейі «әлемде бес мың ел бар» деп тандайы тақылдайтын анау бір әншінің деңгейінде ғана ғой. Қазақ қоғамы осындай дүмше әншілерді рухани көсем санаса, жетіскен екенбіз! Мен Қайрат Нұртас, Төреғали Төрәлі,



Шығармаларымдағы ең басты кемшілікті өзім бірінші түсіндім. Енді соны қайталамауға, ессін қайтаруға тырысамын. Өйткені бұдан былай олай жазуға болмайтынын түсіндім. Егер осы кемшілігімді бір жанашыр сыншы ертерек көрсеткенде, мүлде басқаша болар ма еді, кім білсін! Адам сынды өзінен бастау керек екен! Басқа біреуді сынағанша, алдымен өзіңді сынау керек екен! Өзіңнің жазғанына сын көзбен қарау керек екен! Бірақ әлі де кеш емес деп ойлаймын.

Әуезов, Мағауин, Кекілбаевтар өздеріне тиісті миссияны толығымен орындады. Ал жастардың алдындағы міндет мүлде басқа. Әдебиет үнемі дамып отыруы тиіс. Ендеше, жастарға артар сенім мен үміт мол.

Жас qazaq: Ақын-жазушылардың көбі қазіргі қазақ әдебиетінде қала өмірінің, қазақтың қаладағы тыныс-тіршілігі туралы тақырыптың аз екенін көп айтады. Мұның сыры неде? Қазақ қалалық өмірге әлі толық бейімделіп болған жоқ па, әлде жазып жүргендердің көбінің ауылдан шыққандығынан ба?

Д.Рамазан: Жалпы мен осы шығармашылықты тақырыпқа бөлуге мүлде қарсымын. Жазушы ауыл немесе қала тақырыбын жазайыншы деп үстелге отырса, бәрі де басталмай жатып құрыды дей беріңіз. Жаны мен жүрегі нені қалайды, соны жазу керек! Мәселен, мен тарихи

сіз сияқты еңбекқор жазушы мен жемісін ақ жазармамен атын жасап алған әдебиетке де, мемлекетке де масыл халтуриштер көп дегендей)...

Д.Рамазан: Бұл сұраққа жоғарыда жауап бердім деп ойлаймын. Әрине, бүгінгі адамдарда жақсы қасиеттен гөрі, жаман қасиеттің басым түсіп жатқанын мен де байқаймын. Мұның түп-тамырына үңілсеңіз, бәрін де байқайсыз. Біз тым ұсақталып кеттік. Жамандыққа бейімделу басым. Бір ғана мысал айтайыншы, біз қазір неге жаппай жағымпаз болып кеттік? Өйткені жағымпаз болмасаң, өспейсің, қайта өшесің! Оған бәріміз күә болып жүрміз. Ешкім де сенің білім-білігіне, талантына, іскерлігіне қарамайды. Жағымпаз болсаң, қызметте өссесің, атак-дәреже көтеріледі. Материалдық игіліктерге қол жеткізесің... Ал осыдан кейін қалай жағымпаз болмайсың?! «Заманына қарай — аламыз». Жылтындақ жарнамамен атын шығарып, жағыну мен жағымпаздықтың арқасында игілікке жеткен, әдебиетке де, мемлекетке де масыл халтуриштер қай кезеңде болған. Бұдан кейін де қаралары қылғылып кетеді деп ойламаймын. Бірақ көзден кеткен күндері аттары да өшетінін жақсы білемін. Сондықтан оларға көп бас қатыртудың керегі жоқ-ау!

Жас qazaq: Тағы бір әлеуметтік сұрақ. Осы карантин басталғалы

Ернар Айдар секілді «жұлдыздарды» еш тындамаймын. Олардың айтқан әндерінен ешқандай рухани ләззат ала алмаймын. Өкетіп бара жатқан дауыстары да жоқ, өнді де нақышына келтіріп айта да алмайды. Біз кәсіби тұрғыдан ақап жатқан осындай әншісымақтарды да төбемізге көтеріп біраз тайрандаттық-ау! Бір жыл ән айтпай кетсе, әндері түгілі, есімдері де ұмытылып кететін осындай дарынсыз әншілерге билік те атакты үйіп-төгіп берді. Әрине, атакты олардан ешкім де қызғанбайды, тек әділетсіздік мен көрсөкырлыққа іштей күйнесің, күйзелесің! Қасиетті ән өнерінің құтын қашырып, әншіліктің абырой-беделін түсіріп жіберген де осындай білімсіз һәм дарынсыз даракалар.

Әрине, Димаш Құдайберген, Еркін Шүкіман, Ерлан Рысқали, Рамазан Стамғазиев секілді талантты һәм білімді әншілер бар. Құрметтесен, соларды құрметте, қолдасаң, соларды қолда. Ал бізде бәрі керісінше. Бүгінгі ұрпақ Әуезовті, Мағауинді, Кекілбаевты оқымауы, тіпті білмеуі де мүмкін. Бірақ Қайрат Нұртасты, Төреғали Төрәліні, Ернар Айдарды, Нұрлан Еспановтарды біледі, соларды тындайды. Міне, біздің басты қателігіміз де, сорымыз да осында. Алтынбасты мен бақырбастыны айыра алмай қалдық.

Әңгімелескен Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖАҢА КІТАП

Гүлнар Кендірбай – АҚШ-та тұратын қандасымыз. Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. Ғалым жаңа кітабы Орталық Азия мен Ресей арасындағы байланыстардың тарихына қатысты тың деректерді ұсынады. Автор өз еңбегін былай сипаттайды.


Шындығында, бұл кітапты жазуға көп нәрсе ықпал етті. Колумбия университетіндегі студенттерге Орталық Азия және Еуразия даласындағы көшпенділер, Ресей империясы тарихын, сондай-ақ баска да курстарды оқытуым шешуші фактордың бірі болды. Өкінішке қарай, америкалық студенттер біздің аймақтың тарихы мен мәдениеті туралы үзік-үзік, үстірт, кейде тіпті жаңсақ деректерді ғана біледі. Сондықтан осы бағыттағы білімін толықтырғысы келді. Кей



студенттерім біздің аймақта жұмыс бабымен немесе өзге де себептермен болып қайтты. Енді олар өз білімі мен тәжірибесін кеңейтуге құштар.

Кітапта қамтылған тақырыпты зерттеуге әсер еткен және бір фактор түрлі ұйымдардың шақыруымен ғылыми конференция, семинарларда дәріс оқумен байланысты. Әріптестеріммен пікірталасқа түскенде, әсіресе, ұстаздық ету барысында ортаазиялық емес, Иван Грозныйдың 1552 жылы жаулап алғаннан кейінгі Ресей империясының бастапқы қалыптасу кезеңі тарихының тұжырымдамасы қаншалықты солкылдақ байқалды. Бұл кезеңді зерттеу көп жағдайда үстем болып тұрған саяси идеологиялардың құрбаны болды.

Осы кезеңді бағалауда тарихшылар екі топқа бөлінді. Бірі Ресей империясы билігінің экспансиясын орыс емес халықтарды жаулау ретінде қарастырды. Бұл соғысқа



Зерттеу көп деректі теріске шығарды

дейінгі кеңестік тарихшыларға тән ұстаным, яғни Ресей империясын халықтар түрмесі деп көрсеткен большевиктердің қаналған халықтарды азат еттік деген ақталуы болатын. Ұлы Отан соғысынан кейін орыс емес халықтардың орыс халқына өз еркімен қосылуы, халықтар достығы тақырыбына екпін берілді. КСРО ыдыраған соң жаулау тұжырымдамасын тарихшылар қайтадан алға шығарды.

Бұрыннан белгілі, сондай-ақ әлі жарыққа шықпаған қайнар көздерді анағұрлым терең зерттеу осы екі тұжырымның да теріс екенін айғақтайды. Зерттеу барысында Ресей империясының даму динамикасы оның дала шекараларын кеңейту динамикасымен байланысты екеніне көз жеткіздім. Басқаша айтсақ, империяның шығыс және оңтүстік шекарасы айқын болмады, яғни үш ғасыр бойы өзгеріп отырды. Батыс шекарасы дипломатиялық келіссөздер негізінде бекітілсе, дала жағындағы шекарасының көп бөлігін еркін аймақ ретінде көшпенділер кесіп өте беретін. Бұл жағдай Ресей және Цин империялары арасында Нерчинск

(1689) және Кяхтада (1727) келіссөзге қол қойылғаннан кейін де онша өзгерген жоқ. Өз кітабымда бұл жағдайдың көбіне номадтардың саяси мәдениетіне тән болған боландық және егемендік түсінігі мен тәжірибесіне байланысты екенін айтамын. Көшпенділер боландықтың территориялық аспектілерін мойындаған жоқ. Олар өздерін орыс патшасы мен қытай императорының еркін вассалы деп санады. Іс жүзінде бұл өздері үшін тиімсіз деп тапса, қос билеуші алдындағы міндеттемелерін орындаудан бас тарту дегенді білдірді.

Тағы бір фактор моңғол, жоңғар, қалмақ, қазақ және басқа да көшпенділердің әскери ресурсына қатысты. Кей жағдайда олар орыс және қытайдың әскерінен басым түсетін. Бұл ең алдымен көшпенділер әскерінің саны мен жылдамдығы, ашық далала соғыс қимылдарын жүргізу қабілетімен бағынышты етуде қиындық тудырды. Оның үстіне, жоңғарлар атыс қаруды пайдаланып қоймай, оны жасауды да үйренді. Бұл фактор көшпенділіктің өмір салты ретінде жойылуына оқ ататын қарудың шығуы әсер етті деген пікірді қайта қарауға шақырады.

Қытай императорына келсек, ол көшпенділерге қарсы жорықтарында шығыс (халха) моңғолдарға сүйенді. Олар 1691 жылы жоңғар шабуылының алдын алу мақсатында императордың

билігін мойындаған еді. Сондықтан да император жағында соғысты. Өз кезегінде Ресей Күнгірт жылдар деген атаумен белгілі (1598-1613) терең саяси және экономикалық дағдарысты бастан кешті. Бұл да көшпенділерге қарсы соғысуға келергі болды.

Менің зерттеуім орыс және қытай шенеуніктері көшпенділердің саяси мәдениетін жақсы білгенін көрсетті. Көшпенділер элитасымен қарым-қатынаста олар ықпал етудің дипломатиялық тәсілдерін қолдануды жөн көрді. Соның арқасында осы элитаны өз мүддесіне бағындырудың жолын тапты.

Сондай-ақ менің зерттеуім Ұлы Петрдің батыстандыруға бағытталған реформаларын жүзеге асырудың нәтижесінде оның ізбасарлары даланың саяси механизмдерін пайдалану тәжірибесінен бас тартты деген пікірді де жоққа шығарады. Шын мәнінде Ұлы Петр де, оның жолын қуашылар да көшпенділермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату үшін бұл механизмдерді XIX ғасырдың ортасына дейін қолданды.

Гүлнар КЕНДІРБАЙ,
Колумбия университетінің профессоры

АЕБІЗ



«Ұстаз – ұлы тұлға» дейді қазақ даналығы. Мен үшін өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті

мамандық – ұстаз болу. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, ұлтымыздың, егемен өліміздің, халқымыздың болашағы болатын адамзат баласын тәрбиелеу жолын таңдағанымға еш өкінбеймін. Керісінше, жауапкершілігі мен қиындығы мол мамандықпен тер төгіп, еңбек етіп, яғни осы мамандықты таңдау арқылы қоғамның дамуына өлшеусіз үлес қосатыныма мақтанамын.

Адам баласының өз қалауымен таңдаған кәсібіне, мамандығына деген ыстық ықыласы, ұмтылысы мен жігері болуы тиіс. Шын жүрекпен қалаған, таңдаған кәсіп арқылы абырой-беделінді, несібенді, сонымен қатар қоғам алдындағы құрметінді ұлғайта аласын. Менің негізгі мақсатым – шәкірттерге жақсы көңіл-күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Бұл олардың өзіне деген сенімін арттырып, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады. Ұстаздың міндеті – үнемі жана табыстар мен шығармашылыққа, жаңа идеяларға ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан талап пен талантты, шыңға шығарар өнерді тауып биікке жетелеу, осындай ізденістер мен жұмыстар арқылы биік мақсаттарды орындау. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл шәкірт жанын тереңнен сезініп, өз ісін жан-жақты білетін нағыз маманның ғана қолынан келетін жұмыс.



Мамандығым - мақтанышым

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсіну керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім ғардайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесі білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп қазіргі қоғамымыз бен оның білім беру жүйесінің бейнесін көрсетіп

береді. Міне, осындай ұлы өзгерістер кезеңінде Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті өзінің қалыптасқан игі дәстүрлері негізінде заман талабында көрінуіме қуантады.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп, халыққа білім беру ісінде зор үлес қосып келеді. Олардың ішінде, білім және ғылым министрлігінің вице-министрі болған, қазір М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры Махметғали Сарыбеков, Қазақстан Республикасы Мәжілісі төрағасының орынбасары Гүлмира Исімбаева, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, психология ғылымдарының докторы Оспан Санғұлбаев, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры Ерболат Сауықов және басқа да көптеген ел-жұртқа танымал тұлғалар бар.

Әрине, киелі шаңырақ ұлы

мамандықтың ұстаханасы бола бермек. Мемлекет тағдыры мен ұлт болашағы – мұғалімнің қолында. Сондықтан мектептегі білім беру ісінде жанаашыл жобаларды іске асыратын басты тұлға – абзал ұстаз болып қала берері сөзсіз. 53 жылдық тарихы бар университет ұжымына табыс тілеймін! Мен осы жолды дұрыс таңдағанымға қуанамын және мамандығыммен мақтанамын.

Сейсекүл КӨШІМБЕТОВА,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің «Білім берудегі менеджмент» кафедрасының профессоры

ЖАС КЕАЕС - ІСКЕ



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың маңызды бастамаларының бірі – Президенттік кадр резервін жасақтау. Бүгінде Президент тапсырмасы жүзеге асып, өліміздің дамуына үлес қосатын 300 жігерлі жас іріктеліп, алды мемлекеттік қызметке орналасты. Бүгінгі кейіпкеріміз – Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеуден өтіп, Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі болып тағайындалған Азамат Қалдыбеков. Ол бізге өзінің өмір жолы мен тәжірибесі жайлы әңгімелеп берді.

Мен 1984 жылы Тараз қаласында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Әкем инженер-құрылысшы, анам есепші болды. Отбасында 3 баламыз. Үйленгенмін. Екі қыздың әкесімін. Ата-анам Жамбыл облысына қарасты Білікөл ауылының тумасы. Тараздағы № 44 орта мектепті аяқтағаннан кейін, арман қуып Алматыдағы ҚазҰУ халықаралық құқық факультетіне грантка түстім. Жастайымнан әділеттілікті сүйіп өскеннен кейін, зангер, яғни судья мамандығын таңдадым. Тарихи кітаптарды оқығанды жақсы көремін. Сүйікті кітабымның бірі – І.Есенберлиннің «Көшпенділері». Кітаптағы билеріміздің әділетті шешіміне қатты қызығатынымын.

Төрт жылдық оқуды қызыл дипломмен аяқтап, магистратурада жалғастырдым. Алғашқы жұмысымды Бостандық ауданындағы №2 сотта азаматтық істер бойынша



Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ:

ЕЛІМ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕМІН

маман болып бастадым. Сотта бір жыл жұмыс істегеннен кейін, әрмен қарай судья мамандығына барғым келмеді. Одан кейін, Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығында төрағаның хатшысы болып жұмыс істедім. Халықаралық кеңестің хатшысы болдым. Қаржы орталығында жұмыс істей жүріп, бізге халықаралық тәжірибенің жетіспейтіндігін сезіндім. Ағылшын тілін дамыту мен шетелдің тәжірибесін үйрену үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы халықаралық құқық саласы бойынша АҚШ-та 2 жыл оқылды. АҚШ-та алған білімімнен кейін біраз дүние өзгерді. Бұл менің өмір жолымда үлкен тәжірибе болды. Шетелден алған білімім кәсібилікті шыңдауға ықпал етті.

Мен неге шетелдегі оқуды таңдадым? Қаржы орталығында жұмыс істеп жүргенімде біраз артта қалғанымызды түсіндім. Мысалы, әлемдік биржаның жұмысы әлдеқайда дамыған. Ол жақтағы биржа үнемі жұмыс істеп тұрады. Дамыған елдердегі биржаны іштей қадағалап, қалай жұмыс істейтінін, принциптерін білу үшін білім алдым. Тілді де оқыдық, білімімізді де шыңдадық. Оқуымды аяқтап келгеннен кейін, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорына төраға хатшысы болып орналастым. Үш жылдай қызмет етіп, ата-анамның жанында болайын деп Алматыға оралдым. Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істедім. Өткен жылы Кадрлық резервке өтіп, Алатау ауданына әкім болып тағайындалдым. Бұл мен үшін әлеуметтік лифт. Осыдан 20 жыл бұрын әкім боламын деп кім ойлаған?

Президенттік кадрлық резервке тапсырмас ба, тапсырмасам ба деп ұзақ толғадым. Жұмыс бабымен Кореяға барып келіп те біраз уақыт өткізіп алдым. Құжат қабылдаудың соңғы күнінде құжаттарымды өткіздім. Алғаш рет 13 000 адамнан өтініш түсіпті. Бұл мен үшін ұмытылмас сынақ болды. Өйткені әр кезеңнен өткен сайын, алға қарай ұмтыласың. Үміткерлер саны да кезең сайын азайып отырды. 13 мың адамның 300-і сынақтан сүрінбей өтті. Алғашқы кезең – математика амалдарын шешу. Мектепте жақсы оқығандықтан математикадан қиналған жоқпын. Екінші кезең – презентация жасау, қорғау. Бұл да мен үшін тансық емес, жұмыс тәжірибемде бар нәрсе. Келесі кезең – эссе жазу. Онда белгілі бір тақырыпты ашу, ойынды нақты жеткізу. Эссе жазу да мен үшін қиындық тудырмады. Соңғы кезең – сұхбаттасу. Лауазымды тұлғалармен сұхбаттасып, ойынды жеткізу. Сөйтіп, бұл сынақ өміріме өзгеріс әкелген үлкен тәжірибе болды.

300 жастың қатарына қабылданғанда зор жауапкершілікті сезіндім. Өйткені Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 15 қантар күні Жастар резервіне өткен 300 жасты Ақордаға жинады. Жиында бізге үндеу тастап, мемлекеттік қызметкердің жаңа форматы екенімізді баса айтты. Еліміздің болашағы үшін жауапты екенімізді ескертті. Алатау ауданына әкім болып келген күннен бастап мойныма үлкен жауапкершілік жүктелді. Жастарға айтарым, ең алдымен, мақсатың айқын болуы тиіс. Одан кейін жылдық, айлық, апталық, тіпті бір күніне жоспар құрып, алға қойған істеріңді жүзеге асыруға күш салуын керек. Мұның барлығы өмірлік тәжірибемен келеді. Кәсібилікті үнемі дамытып отырған жөн. Әр адам өмірлік жолын өзі тандайды. Сол жолға өзі жауапты болады.

Жазып алған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (<i>Боенбай Батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (<i>жарнама бөлімі</i>) Газет «Дауір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2210; Бағасы келісім бойынша Апталық таралым — 5 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.			